

«Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасының тұжырымдамасы

Өзектілігі.

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрдің маңызы жоғары. Рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтасуы мәңгілік ел болудың негізгі өзегі. Сондықтан, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында дәстүр мен ғұрпымызды, ұлттық асханамыз бен тағамдарымызды жүйелі жаңғырту керек.

Әсіресе, ақпарат пен сан түрлі мәдениет тоғысқан жаһандану заманында ұлттық код пен рухты бекем ұстайтын салт-дәстүр мен әдет ғұрып. Осы ретте, «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасын енгізіп, рухани мұрамызды түгендеп, жаңғыртып, озығын саралаудың өзектілігі жоғары.

Қазақ салт-дәстүр, әдет ғұрыпқа, ұлттық ас мәзіріне бай халық және әрбір ұлттық дәстүрдің тәрбиелік мәні мен маңызы терең. Ұлтымыздың салт-дәстүрлері ұрпақты өнеге мен білімге, елжандылыққа, ізгілікке, бауырмалдық пен өнегеге шақыруымен құнды.

Сондықтан, арнайы жоба аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу жолға қойылу керек. Сондай-ақ, ұлттық тағамдарымыздың құндылығын арттырудың да өзектілігі жоғары.

Жобаның **мақсаты** көнеріп, қолданыс аясы тарылған дәстүр мен ғұрыптан бас тартып, ұмыт болғанын жаңғыртып, тәрбиелік және адамгершілік құндылығы жоғары салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды заманға сай түрлендіру. Және, қазақтың ұлттық асханасының ерекшелігі мен құндылықтарын кеңінен дәріптеу.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** орындау қажет:

1. Ұлттық рухты, патриотизмді, тәлім-тәрбиені дәріптейтін қазақтың салт-дәстүрлерін жаңғырту;
2. Жалпыхалықтық рухани құндылықтарды күшейту;
3. Халықты салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтаудың маңыздылығымен ақпараттандырып, ұлттық құндылықтарға деген сезімді арттыру;
4. Жас ұрпаққа ұлттық құндылықтармен қазақ асханасының пайдасын дәріптеу.

Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы (халық санаты).

Қазақстан халқы, жалпы білім беру мектептерінің оқушылары, ЖОО студенттері, экономикалық белсенді топ (оқырмандар, тыңдармандар, қызметкерлер т.б.)

Стратегиялық серіктестер:

Арнайы жобаның аясында жергілікті атқарушы органдар мен білім беру мекемелері, мәдениет ошақтары, БАҚ, ҚҚ-тар, ҮЕҰ-дар, кәсіпкерлер мен тұлғалық даму орталықтары өзара серіктестік құрады.

1. Арнайы жобаны іске асыру тетіктері:

2. Ақпараттық жұмыстар:

- БАҚ көздерінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты іс-шараларды кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізу. Салт-дәстүрден көрініс беретін заманауи бейнероликтер, подкасттар, әлеуметтік желіде челленджер, мақалалар мен танымдық посттарды жүйелі жариялау;

- Республикалық, өңірлік телеарналардан, радиолардан дәстүр мен ғұрып, ұлттық тағамдарды насихаттайтын деректі фильмдер, ток-шоулар, мәдени бағдарламалар, арнайы айдарлар енгізіп, «Қазақтың 100 салт-дәстүрі», «Қазақтың 100 ұлттық тағамы» сынды бағдарламалар әзірлеу;

- Жас ұрпақтың санасын қалыптастыруда балаларға арналған салт-дәстүрді таныту танымдық мультфильмдер, анимациялық фильмдер мен бағдарламаларын шығару;

- Республикалық және жергілікті басылымдарда, газет-журналдардың бір бетін жүйелі түрде салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарға арнау;

- «Ruh.kz» порталын арнайы жобаның негізгі ақпарат алаңы ретінде қолдану;

- Әлеуметтік желіде салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық тағамдарға қатысты заманауи, жастардың нақышында вирустық бейнероликтер тарату;

- Ұлттық тағамдардың мәзірі жазылған онлайн ас мәзірлерін көбейту.

3. NUDGE технологиясын қолдану арқылы насихаттау жұмыстары

- Әлеуметтік желі, билбордтарда мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықты ұлықтайтын месседждер тарату;

- Салт-дәстүр білгірлері, ұлттық құндылықты дәріптеп жүрген жандарды көпшілікке үлгі ретінде насихаттау;

- Ұлттық тағамдар даярлатын мейрамханалар, фут-корттар ашу;

4. Танымал блогерлер, желіде белсенді қоғам қайраткерлері, белгілі тұлғаларды насихаттау жұмыстарына тарту. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрді насихаттап жүрген жандар арқылы халыққа дәріптеу жұмыстарын жүргізу. Тақырыптық бағытта жазатын блогерлер санын арттыру. Желіде ұлттық тағам мәзірлері бар парақшаларды көбейтіп, халыққа кеңінен насихаттау.

5. Мектеп бағдарламасына «Ұлттық дәстүр» факультативті сынып сағаттарын енгізуді қарастыру.

- Оқушылар мен студенттер арасында салт-дәстүрден интеллектуалдық сайыстар, олимпиадалар өткізу. Олимпиадалар онлайн түрде өтсе де болады;

- Мектеп оқушыларына салт-дәстүрден викториналық ойындар, танымдық тестілеулер өткізуді ұйымдастыру;

- Еңбекке баулу сабақтарында ұлттық тағамдармен танысып, даярлау жұмыстарын жүргізу.

6. Республиканың барлық өңірлерінде өтетін шаралар.

- Аймақтарда салт-дәстүрді сақтап, жетік білетін отбасылар арасында «Салт-дәстүр білгірі» отбасылық байқауларын ұйымдастыру. Сол арқылы, салт-дәстүрді насихаттап отырған Қазақстанның үздік отбасыларын анықтауға

болады. Немесе «**Мерейлі отбасы**» байқауын салт-дәстүрге бағыттап, форматын өзгерту;

- Ұлттық руханиятта, түбі бір түркі халқының салт-сана, әдет-ғұрпын жiлiктеп, өз заманындағы маңызын, құндылықтарын оқырманға жеткізуде қазақ әдебиетінің, қазақ тарихының заңғар жазушысы Мұхтар Мағауиннің шығармаларының рөлі жоғары. «Аласапыраннан» бастап «Шыңғыс ханға» дейінгі шығармалары тегіс қазақтың ұлттық салт-дәстүрімен қабысып жатыр. Жазушының мұрасын, студенттер мен оқушылар арасында кеңінен насихаттау керек;

- Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды шығармаларына арқау еткен ұлт зиялыларымен кездесулер ұйымдастыру;

- Ғұрыптық фольклор бойынша бата, бесік жыры, жар-жар, жарамазан жырларының үлгілерін халық арасында кеңінен тарату жұмыстарын жүргізу.

7. Мәдениет, өнер саласы.

- Ұлттық қолөнер көрмелерін ұйымдастыру;
- Ұлттық киімдер сән апталығын өткізу;
- Жыраулар фестивальдерін ұйымдастыру;
- Ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын театрлық қойылымдарды өткізу;
- Ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртып, қазақтың қолданбалы, қолөнерін әлемге танытып жүрген жас суретшілерді, зергерлерді, шеберлерді мемлекет тарапынан марапаттап, ынталандыру жұмыстарын жүргізу.

8. «Қазақ асханасының бірегей тағамдары» фестивалін ұйымдастыру. бесасап аспасазшыларды қатыстыру арқылы «Өрметас», «Үлпершек», «Қарын бөртпе», «Бұжы», «Жаужүрек», «Қарын көмбе» т.б ұмыт бола бастаған бірегей тағамдарды әзірлеу. 7

9. Ұмыт болған ежелгі тағамдарды қайта жаңғырту мақсатында арнайы «**Сарқыт**» тақырыбында гастро-тур ұйымдастыру.

10. Өңірлерде **гастрономиялық туризмді** дамытуға кәсіпкерлерді тарту және қолдау жұмыстарын жүргізу.

11. Салт-дәстүрлерге анықтама, ұлағатты сөздер, бата-тілектер, дәстүрлі тағамдардың рецептілері, ұлттық киім, ұлттық қолөнер, зергерлік бұйымдар және т.б. салт-дәстүрлерден ақпарат беретін «**Dastur**» **мобильді қосымшаларын** ойлап табу.

Жоба администраторы: ҚР АҚДМ, ҚР МСМ, ҚҚДИ, ҚР БҒМ, ЖАО

12. Іске асыру индикаторлары:

- Республикалық және өңірлік БАҚ-та ақпараттық насихаттау шараларын өткізу;

- Танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, блогерлерді насихат жұмыстарына тарту:

- Әлеуметтік желіде, танымал блогерлердің парақшалары мен пабликтерде роликтер, челленджер, посттар жариялау;

- Халықты толық жобаның жүзеге асу жұмыстарына тарту.

Күтілетін нәтижелер:

- ұлттық рух, тәлім-тәрбиені дәріптейтін салт-дәстүрлер жаңғырады;
 - жас ұрпақтың, халықтың бойына әдет-ғұрыптар сіңеді;
 - ұлттық бірегейлік қалыптасып, құндылықтардың халық өміріндегі маңызы артады;
 - салт-дәстүрді білетін, әдет-ғұрыптарды сақтайтын жас ұрпақ қалыптасады;
 - ұмыт болған бірегей ұлттық тағам түрлері жаңғырады;
 - гастрономиялық туризм қолға алынып, шетелдік туристер қазақ асханасының тарихына қанығады:
 - дәстүр арқылы халық тарихты танып, патриоттық рух артады.
-